



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС. ЖАҢАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ БӘСЕКЕ

Мемлекеттік саясат және
халықаралық сауда

3-тарау. Халықаралық сауда мен инвестициялық орта



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 3. Халықаралық сауда мен инвестициялық орта

Дәріс: 9. Мемлекеттік саясат және халықаралық сауда

Алдыңғы дәрісімізде талқылағанымыздай Смит, Рикардо және Хекшер-Олиннің классикалық сауда теорияларына сауда кедергілері жоқ әлемде сауда модельдері әртүрлі елдерде өндірістің түрлі факторларының салыстырмалы өнімділігі арқылы анықталғанын көрсетті. Елдер тиімдірек жасай алатын өнімдерге мамандандырылады, ал тиімділігі аз тауарларды шығара алатын өнімдерді импорттайды. Естеріңізге сала кетсек, еркін сауда – бұл үкіметтің өз азаматтарының басқа елден не сатып алатындары туралы немесе не сататындары туралы шектеуге тырыспайтын жағдай. Айтқанымыздай, Смит, Рикардо және Хекшер-Олин теориялары еркін саудадағы статистикалық экономикалық пайда салдарының және динамикалық экономикалық пайда салдарының болуын болжайды.

Бұл дәрісте халықаралық саудадағы саяси шындық қарастырылады. Көптеген елдер, әдетте, еркін саудаға номиналды тұрғыда бел байласа да, олар халықаралық саудаға саяси маңызды топтардың мүдделерін қорғау немесе отандық негізгі өндірушілердің мүдделерін ілгерілету үшін араласады.

Сауда саясатының құралдары

Сауда саясаты жеті негізгі құралдарды пайдаланады: тарифтер, субсидиялар, импорттық квоталар, ерікті экспорттау шектеулері, жергілікті контентке қойылатын талаптар, әкімшілік саясат және демпингке қарсы баждар.

Тарифтер

Тариф импортқа салынатын салық. Олар екі санатқа бөлінеді. Арнайы тарифтер импортталатын әрбір бірлік үшін тіркелген төлем ретінде алынады. Баж салығы импортталатын тауар құнының үлесі ретінде алынады. Көптеген жағдайларда отандық өндірушілерді сырттан әкелінетін тауарлардың бағасын көтеру арқылы шетелдік бәсекелестіктен қорғау мақсатында импортқа тариф белгіленеді. Алайда тарифтер, сондай-ақ үкімет үшін табыс әкеледі. Импорттық тарифтік шектеулерден кім зардап шегетінін, ал кім пайда табатынын түсіну маңызды. Үкімет импорттық тарифтерден пайда табады, өйткені ол мемлекеттік кірістер деңгейін көтереді. Отандық тауар өндірушілер импорттық тарифтерден пайда табады, өйткені бәсекелестерінің шетелдік тауарларының құны артатындықтан, біршама қорғау қамтамасыз етіледі. Тұтынушылар импорттық тарифтерден зардап шегеді, өйткені олар белгілі бір импортталған тауар үшін ақшаны көбірек төлейді. Тұтастай алғанда, экономикалық талдаудан алынған импорттық тарифтердің әсері туралы екі қорытынды жасауға болады. Біріншісі, тарифтер көбінесе өндірушілер үшін жақсы, ал тұтынушылар үшін қолайсыз. Бұл шектеулер өндірушілерді шетелдік бәсекелестерден қорғағанымен, шектеулі ұсыныстың болуы ішкі бағаны көтереді.

Субсидиялар

Субсидия – бұл отандық өндірушіге деген мемлекеттік төлем. Олар көптеген формаларда бола алады, соның ішінде ақшалай гранттар, төмен пайыздық несиелер, салықтық жеңілдіктер және отандық фирмаларда мемлекеттік үлестің қатысуы. Ашық кейсте айтылғандай, Boeing пен Airbus соңғы 40 жыл ішінде мемлекеттік органдардан елеулі субсидиялар алды. Өндіріс шығындарын төмендету арқылы субсидиялар отандық өндірушілерге екі жолмен көмектеседі: (1) шетелдік импортқа қарсы бәсекелесу және (2) экспорттық нарықтарға шығу. Субсидиялардың негізгі жетістіктері осы әрекеттер арқасында халықаралық бәсекеге қабілеттіліктері артқан отандық тауар өндірушілерге таралады. Стратегиялық сауда саясатының жақтаушылары отандық фирмаларға масштабтағы үнемділік маңызды болып табылатын салалардағы үстем жағдайға қол жеткізуге көмектесу үшін, ал әлемдік нарық бірнеше фирмалардан көп фирмаларды қолдау үшін жеткілікті ауқымды емес жағдайларда субсидияларды қолдайды. Осы дәлелге сәйкес субсидиялар дамып келе жатқан салада бірінші кіргендердің артықшылықтарына қол жеткізуге



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 3. Халықаралық сауда мен инвестициялық орта

Дәріс: 9. Мемлекеттік саясат және халықаралық сауда

көмектесе алады. Егер бұған қол жеткізілсе, отандық экономика ірі жаһандық компания бере алатын жұмыспен қамту және салық түсімдерімен байланысты болады. Дегенмен мемлекеттік субсидиялар, негізінен, жеке тұлғалар мен корпорацияларға салық салу арқылы төленуі тиіс.

Импорттық квоталар және ерікті экспорттық шектеулер

Импорттық квота – бұл елге әкелінетін өнімдердің саны бойынша тікелей шектеу. Шектеу, әдетте, жеке тұлғалар тобына немесе фирмаларға импорттық лицензия беру арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында ірімшік импортына квота бар. Ірімшікті импорттауға мүмкіндік беретін жалғыз фирмалар белгілі сауда компаниялары болып табылады және олардың әрқайсысы жыл сайын ірімшіктің ең көп санын импорттауға құқылы. Кейбір жағдайларда сату құқығы тікелей экспорттаушы елдердің үкіметтеріне беріледі. Квота мен тарифтің жалпы гибриді тарифтік квота мөлшерлемесі ретінде белгілі. Тарифтік мөлшерлеме квотасы, квотаға қарағанда квота шегіндегі импортқа төменірек белгіленеді. Импорттық квота бойынша нұсқалардың бірі ерікті экспорттауды шектеу. Ерікті экспорттау шектеуі (ЕЭШ) импорттаушы ел үкіметінің өтініші бойынша экспорттаушы ел енгізген сауда квотасы.

Экспорттық тарифтер мер экспорттық тыйымдар

Экспорттық тариф – бұл тауардың экспортына салынатын салық. Оның мақсаты – ел ішіндегі тауардың жеткілікті деңгейде жеткізілуін қамтамасыз ету мақсатында экспорттауға қарсы дискриминациялау. Экспортқа тыйым салу – бұл тауар экспортын ішінара немесе толық шектейтін саясат. Танымал мысал ретінде 1975 жылы АҚШ-тың шикі мұнайын өндіруге байланысты Конгрессте қабылданған тыйым салу болды. Сол кезде ОПЕК мұнай бағасын көтеру және араб мемлекеттері мен Израиль арасындағы қақтығыстар кезінде Батыс елдерінің Израильді қолдағаны үшін жазалауды мақсат етіп, мұнай жеткізіліміне шектеу қойған. Америка Құрама Штаттарындағы экспорттық тыйым отандық мұнайдың жеткілікті мөлшерде болуын қамтамасыз етудің тәсілі ретінде қарастырылды, бұл отандық бағаның бірқалыпты болуын және ұлттық қауіпсіздікті арттыруға көмектесті. Тыйым 2015 жылы әлемдік нарықтарда сатуға рұқсат алған жағдайда кейбір шығарылымдарына жоғары баға ала алатындықтарына сенген америкалық мұнай өндірушілердің лоббилендіргеннен кейін жойылған болатын.

Жергілікті контент талаптары

Жергілікті контент талабы (ЖКТ) – бұл өнімнің белгілі бір үлесін ел ішінде жасау талабы. Талап физикалық шарттармен немесе құндылық шарттарымен көрсетілуі мүмкін. Жергілікті контентті дамыту дамушы елдерде өндірістік базасын басқа жерлерде өндірілетін компоненттердің қарапайым жинаудан жергілікті өндірісте жинақтау қолданды. Олар, сондай-ақ дамыған елдерде де жергілікті жұмыс орындарын және индустрияны шетелдік бәсекелестіктен қорғау мақсатында қолданылады.

Әкімшілік саясат

Сауда саясатының ресми құралдарымен қатар, барлық үкіметтер кейде импортты шектеу және экспорттауды ұлғайту үшін бейресми немесе әкімшілік саясатты пайдаланады. Әкімшілік сауда саясаты – импорттың елге кіруіне қиындық тудыратын бюрократиялық ережелер.



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 3. Халықаралық сауда мен инвестициялық орта

Дәріс: 9. Мемлекеттік саясат және халықаралық сауда

Демпингке қарсы саясат

Халықаралық сауда тұрғысынан алғанда демпинг әртүрлі сыртқы нарықтардағы тауарларды өндіріс шығындарынан төмен немесе сыртқы нарықта сатылатын тауарлардың «әділ» нарықтық құнынан төмен сатылуы ретінде айқындалады. Бұл екі анықтаманың арасындағы айырмашылық бар; тауардың әділ нарықтық құны, әдетте тауар жасау шығындарынан жоғары деп бағаланады, өйткені біріншісінде «әділ» пайда маржасы бар. Демпинг – бұл фирмалардың сыртқы нарықтарда артық өндірісті босату әдісі. Кейбір демпингтік шаралар жыртқыштық мінез-құлықтың нәтижесі болуы мүмкін, өндірушілер елеулі жергілікті бәсекелестерді сол нарықтардан шығару үшін сыртқы нарықтарда ішкі отандық нарық пайдасын пайдалану арқылы бағаларды субсидиялауға мүмкіндік береді. Бұған қол жеткізілгеннен кейін, жыртқыш фирма бағаны көтеріп, бұдан едәуір пайда табады.

Демпингке қарсы саясат демпингпен айналысатын шетелдік фирмаларды жазалауға арналған. Басты мақсат – отандық өндірушілерді әділетсіз шетелдік бәсекелестіктен қорғау.

Үкіметтің араласу жағдайлары

Біз үкімет қолданатын сауда саясатының әртүрлі құралдарымен танысқаннан кейін, үкіметтің халықаралық саудаға араласуын қарастырудың уақыты келді. Үкіметтік араласуды қолдайтын дәлелдердің екі жолы бар: саяси және экономикалық. Араласудың саяси аргументтері халықтың кейбір топтарының мүдделерін көбінесе басқа топтардың есебінен қорғаумен немесе экономикалық қатынастар аясынан тыс кейбір саяси мақсаттарға қол жеткізумен байланысты, мысалы қоршаған ортаны немесе адам құқықтарын қорғау. Араласуға арналған экономикалық дәлелдер әдетте халықтың жалпы байлығын көтеруге байланысты.

Араласуға байланысты саяси дәлелдер

Үкіметтің араласуына арналған саяси дәлелдер ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін маңызды болып саналатын өнеркәсіптерді қорғауға, әділетсіз шетелдік бәсекелестікке қарсы әрекет етуге, тұтынушыларды «қауіпті» өнімдерден қорғауға, сыртқы саясаттың мақсаттарына қол жеткізуге және экспорттаушы елдердегі адам құқықтарын қорғауға бағытталған бірқатар мәселелерді қамтиды.

Жұмыс орындары мен салаларды қорғау

Мемлекеттің араласуына байланысты ең көп тараған саяси дәлел – жұмыс орындары мен салаларды әділетсіз шетелдік бәсекелестіктерден қорғау үшін қажет. Экспорттаушы елдегі өндірушілер өздерінің үкіметтері тарапынан субсидияланған кезде, бәсекелестік көбінесе әділетсіз деп саналады.

Ұлттық қауіпсіздікті қорғау

Елдер кейде белгілі бір салаларды қорғау қажет деп санайды, өйткені олар ұлттық қауіпсіздік үшін маңызды. Қорғаныс өнеркәсібі көбінесе осындай назарда болады.

Тұтынушыларды қорғау

Көптеген елдердің үкіметтері тұтынушыларды қауіпті өнімдерден қорғау үшін ережелер қабылдайды. Мұндай ережелердің жанама әсері көбінесе осындай өнімдерді импорттауын шектеу немесе тыйым салу.



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 3. Халықаралық сауда мен инвестициялық орта

Дәріс: 9. Мемлекеттік саясат және халықаралық сауда

Шетелдік саясаттың алдағы мақсаттары

Үкімет кейбір жағдайларда сауда саясатын сыртқы саясаттың мақсаттарын қолдау үшін қолданады. Ол күшті қарым-қатынас орнатқысы келетін елге жеңілдікті сауда шарттарын бере алады. Сауда саясаты, сондай-ақ халықаралық құқыққа немесе нормаларға сәйкес келмейтін «қудаланған мемлекеттерді» қысымға немесе жазалауға тарту үшін бірнеше рет пайдаланылды.

Адам құқықтарын қорғау

Басқа елдердегі адам құқықтарын қорғау және оны ынталандыру көптеген демократиялық елдер үшін сыртқы саясаттың маңызды элементі. Кейде үкімет сауда әріптестерінің адам құқықтарын қорғау саясатын жетілдіру үшін сауда саясатын қолданады.

Үкіметтің араласуының экономикалық дәлелдері

Жаңа сауда теориясы мен стратегиялық сауда саясатының дамуымен үкіметтік араласудың экономикалық дәлелдері соңғы жылдары өркендеді. 1980 жылдардың басына дейін көптеген экономистер үкіметтің араласуынан аз пайда көрді және еркін сауда саясатын белсенді қолдады. Бұл ұстаным стратегиялық сауда саясатының дамуымен өзгерді, бірақ келесі бөлімдерде көретініміздей, еркін сауда позициясын ұстап тұру үшін күшті экономикалық дәлелдер бар.

Жаңа туған индустрияны қолдау дәлелі

Жаңа туған индустрияның дәлелдері үкіметтік араласудың ең көне экономикалық дәлелі. Александр Гамильтон оны 1792 жылы ұсынды. Осы дәлелге сәйкес көптеген дамушы елдер өндірістегі салыстырмалы артықшылыққа ие, алайда жаңа өндіріс салалары дамыған елдердегі бұрыннан қалыптасқан салалармен бәсекеге түсе алмайды. Өндіруге рұқсат беру үшін, Үкімет жаңа өндіріс саласын халықаралық бәсекелестікті қанағаттандыру үшін күшті болғанға дейін уақытша қолдауы тиіс.

Стратегиялық сауда саясаты

Кейбір жаңа сауда теоретиктері стратегиялық сауда саясатының дәлелін ұсынды. Жаңа сауда теориясы әлемдік нарықта ауқымның елеулі үнемділігін қолдана алатын салаларда тек бірнеше фирмаларды қолдау табыстырақ болады деп мәлімдейді және елдерге белгілі бір өнімдерді экспорттауға басымдық беретін салалардың болуы, оларда бірінші кезекті артықшылықтарды иемденген фирмалардың болғанымен сипатталады. Boeing-тің коммерциялық авиация өнеркәсібіндегі ұзақ мерзімді басымдықтары осындай факторларға байланысты болды. Стратегиялық сауда саясатының дәлелі екі компоненттен құралған. Біріншісі, егер де үкімет қандай да бір салада бірінші кіргендердің артықшылықтарына ие болатын фирма немесе фирмалар шетелдік кәсіпорындар емес, отандық болып табылатындығына кепілдік бере алатын болса, үкімет тиісті іс-әрекеттер арқылы ұлттық табыс деңгейін көтеруге көмектесуі мүмкін. Осылайша, стратегиялық сауда саясатының дәлеліне сәйкес үкімет жаңадан пайда болатын өндірістерде белсенді болып келетін перспективалық фирмаларды қолдау үшін субсидияларды қолдануы керек.

Стратегиялық сауда саясатының дәлелінің екінші компоненті – бұл отандық фирмаларға бірінші кезектегі артықшылықтарды жинаған шетел фирмаларының кіруіне тосқауылдардан өтуге көмектесу арқылы үкіметке төлеумен сипатталады.



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 3. Халықаралық сауда мен инвестициялық орта

Дәріс: 9. Мемлекеттік саясат және халықаралық сауда

Еркін сауда бойынша қайта қаралған жағдай

Жаңа сауда теоретиктерінің стратегиялық дәлелдері үкіметтің халықаралық саудаға араласуының экономикалық негіздемесін ұсынады. Бұл негіздеме Адам Смит және Дэвид Рикардо секілді классикалық сауда теоретиктердің жұмысында табылған шектеусіз еркін сауда үшін негізді күмәнға алады. Бұған жауап ретінде бірқатар экономистер, соның ішінде, Пол Кругман сияқты жаңа сауда теориясын дамытуға жауапты кейбір адамдар, стратегиялық сауда саясаты қызығушылық танытса да, практикада бұл теория жұмысқа қабілетсіз болуы мүмкін. Стратегиялық сауда саясатының дәлеліне айтылған бұл жауап еркін сауда үшін қайта қарастырылған жағдайды ұсынады.

Қарсы жауаптар мен сауда соғысы

Кругман әлемдік индустрияда үстем жағдайға ие отандық фирмаларды құруға бағытталған стратегиялық сауда саясаты – басқа елдердің есебінен ұлттық табысты арттыратын кедей көрші саясат. Мұндай саясатты қолдануға тырысатын ел, мысалға, жауап қайтаруы мүмкін. Көптеген жағдайларда екі немесе одан да көп араласқан үкімет арасындағы сауда соғысы, ең алдымен, барлық елдердің жағдайын әлсіретеді, бұл қол сұқпау тәсілін ұстанғанға қарағанда әлдеқайда нашарлау.

Дүниежүзілік сауда ұйымы

ДСҰ ТСБК мен біреуі зияткерлік меншік бойынша, екіншісі қызметтер бойынша жұмыс істейтін екі жаңа бауырлас ұйымдарды қамтитын ұйым. ДСҰ-ның Қызметтер саудасы туралы бас келісімі (ГАТС) қызметтер бойынша еркін сауда келісімдерін кеңейтуге бастама алды. ДСҰ-ның зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері туралы келісімі (ТРИПС) – зияткерлік меншік құқықтарының бүкіл әлемде қорғалуын және оларды жалпы халықаралық ережелерге сәйкес келтіру жолындағы кемшіліктерді азайту әрекеті. ДСҰ мүше елдердің сауда дауларындағы төрелікті және сауда саясатын бақылау жауапкершілігін өз мойнына алды. ДСҰ ТСБК сияқты бітімгершілік келісім негізінде әрекет еткенімен, дауларды реттеу саласында мүше-елдер арбитраждық есептерді қабылдауды тоқтата алмайды. Қатысушы мемлекеттер арасындағы сауда дауларына қатысты арбитраждық есептер оларды қабылдамау туралы келісім жоқ болса, ДСҰ тарапынан автоматты түрде қабылданады. Арбитраждық комиссияда ТСБК ережелерін бұзған елдер тұрақты апелляциялық ұйымға шағымдана алады, бірақ оның шешімі міндетті. Егер құқық бұзушы арбитраждық комиссияның ұсынымдарын орындамаса, сауда серіктестері өтемақы алуға немесе соңғы сатыда мөлшерге сай саудалық санкцияларды енгізуге құқылы. Процедураның әрбір кезеңі қатаң уақыттық шектеулерге бағынады. Ауылшаруашылықтағы протекционизм ДСҰ-ның тағы бір бағыты көптеген экономикалардың аграрлық секторында тарифтер мен субсидиялардың жоғары деңгейінің болуында. Ауылшаруашылығы өнімдеріне тарифтер, әдетте өнеркәсіптік өнімдер немесе қызметтер тарифтеріне қарағанда әлдеқайда жоғары.

Зияткерлік меншікті қорғау

ДСҰ үшін маңызы артып келе жатқан тағы бір мәселелердің бірі зияткерлік меншікті қорғау. 1995 жылы ДСҰ Уругвай, сондай-ақ зияткерлік меншікті қорғау туралы келісімге ие болды. ТРИПС ережелері ДСҰ мүшелерін кем дегенде 20 жылға созылатын патенттерді және 50 жылға созылатын авторлық құқықтарды орындалуын міндеттейді. Бай елдер ережелерді бір жыл ішінде сақтаулары керек. Мұндай қорғаныс әдетте әлдеқайда әлсіз болған кедей елдерде бес жыл сақтау керек, ал ең кедей елдер – 10 жыл. Бұл келісімге негізі қол қойған мемлекеттер арасында патенттер, сауда белгілері және авторлық құқықтар арқылы зияткерлік меншікті



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 3. Халықаралық сауда мен инвестициялық орта

Дәріс: 9. Мемлекеттік саясат және халықаралық сауда

қорғау халықаралық сауда жүйесінің маңызды элементі болуы тиіс екеніне сенімді болды. Интеллектуалды меншікке қатысты қорғаныстың жеткіліксіздігі инновацияны ынталандыруды азайтады. Ал инновация – экономикалық өсудің және өмір сүру деңгейінің көтерілуінің орталық механизмі, сондықтан зияткерлік меншікті қорғау үшін көп жақты келісім қажет.

Сауда кедергілері мен фирма стратегиясы

Сауда кедергілерінің фирма стратегиясына қалай әсер ететінін түсіну үшін алдыңғы дәрісіміздегі материалдарды қарастырып көріңіз. Халықаралық сауда теорияларына сүйене отырып, біз фирманың әртүрлі өндірістік әрекеттерін тиімді жұмыс істеу мақсатында әлемнің түрлі жерлеріне тарататындығы туралы талқылаған болатынбыз. Осылайша, фирманың өз өнімдерін бір елде жобалауға, басқа елде компоненттерін шығаруға, үшінші елде соңғы жинау операцияларын орындауға, ал содан кейін дайын өнімді әлемнің қалған бөліктеріне экспорттауға мағынасы бар.

Саясат салдары

Алдыңғы дәрісімізде айтылғандай, бизнес-фирмалар халықаралық сауда алаңында негізгі ойыншылар. Халықаралық саудада олардың рөлі жоғары болғандықтан, фирмалар саудаға қатысты мемлекеттік саясатқа қатты әсер ете алады. Бұл ықпал протекционизмді ынталандыруға ықпал етуі немесе ол үкіметті ДСҰ-ны қолдау үшін итермелеуі мүмкін және барлық елдердің арасында ашық нарықтарды ұстануға және еркін саудаға итермелеуі ықтимал. Халықаралық саудаға қатысты мемлекеттік саясат бизнеске тікелей әсер ете алады. Стратегиялық сауда саясатына сәйкес, тарифтер, квоталар, демпингке қарсы іс-әрекеттер және фирмалар мен өндірістерге әлемдік экономиканың бәсекелік артықшылығын қалыптастыруға көмектесетін субсидиялар түрінде мемлекеттік араласу мысалдарын табуға болады.

Тарау түйіні

Осы дәрісте біз сауда саясатының түрлі құралдарын баяндадық, халықаралық саудадағы мемлекеттік араласудың саяси және экономикалық дәлелдерін қарастырдық, стратегиялық сауда саясатының дәлелі аясында еркін саудаға арналған экономикалық оқиғаны және әлемдік сауда жүйесінің эволюциясын талқыладық. Еркін сауда саясаты әрдайым теориялық тұрғыдан оңтайлы саясат болмаса да іс жүзінде бұл үкімет тарапынан жүргізілетін ең үздік саясат болып табылады. Атап айтқанда, бизнестің және тұтынушылардың ұзақ мерзімді мүдделерін ДСҰ секілді халықаралық институттарын нығайту арқылы жақсы қолдау ала алады. Оқшауланған протекционизмнің сауда соғысына ұлғаю қауіпін ескере отырып, бизнес, үкіметтің отандық өнеркәсіптерді шетелдік бәсекелестіктен қорғау күштерінен гөрі, оның импорттан және тікелей шетелдік инвестициялардан қорғалатын нарықтарды ашу күш-жігерінен көбірек пайда таба алады. Бұл дәрісте келесідей мәселелер қарастырылды:

1. Тарифтер, субсидиялар, демпингке қарсы ережелер мен жергілікті контент талаптары сияқты сауда саясаты тұтынушыларға емес, өндірушелерге жасалады. Бұл өндірушілерге пайда әкеледі, ал тұтынушылар импорт үшін көп төлеуге тиіс болғандықтан ұтылады.

2. Халықаралық саудаға мемлекет тарапынан араласу үшін екі түрлі пікір бар: саяси және экономикалық. Араласудың саяси дәлелдері белгілі бір топтардың мүдделерін басқа топтардың есебінен қорғау немесе сыртқы саясат, адам құқықтары, тұтынушыларды қорғау және т.б. сияқты мақсаттарға жету жолында қолданылады. Араласудың экономикалық дәлелдері – ұлттың жалпы байлығын арттыру.

3. Мемлекеттік араласудың жалпы саяси дәлелі жұмыс орындарын қорғау қажеттілігінде. Дегенмен саяси араласу көбінесе тұтынушыларға зиян тигізеді және бұл соңында сәтсіздікке



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 3. Халықаралық сауда мен инвестициялық орта

Дәріс: 9. Мемлекеттік саясат және халықаралық сауда

алып келуі мүмкін. Елдер кейде ұлттық қауіпсіздікке байланысты кейбір салаларды қорғаудың маңызды екенін айтады. Кейбіреулері үкіметтің сыртқы нарықтарды ашу үшін сауда құралы ретінде сауда саясатына араласу қауіпін пайдалану керек деп пайымдайды. Бұл қауіпті саясат болуы мүмкін; егер ол сәтсіз болса, нәтиже сауда кедергілерінің артуында болады.

4. Жаңа туған индустриясының үкіметтік араласуға арналған дәлелі өндіріске қол жеткізу үшін үкімет жаңа өндірістерді уақытша қолдауға тиіс екендігін дәлелдейді. Іс жүзінде, алайда, үкімет көбінесе тиімсіздікті қорғайды.

5. Стратегиялық сауда саясаты үкімет субсидиялары арқылы отандық фирмаларға масштабтағы үнемділік маңызды болып табылатын жаһандық өнеркәсіптерде бірінші кіргендердің артықшылықтарына ие бола алады деп пайымдайды. Үкімет субсидиялары отандық фирмаларға осындай салаларға кіру үшін кедергілерді жеңуге көмектесуі мүмкін.

6. Стратегиялық сауда саясатына қатысты проблемалар екі жақты мағынада болады: (а) мұндай саясат қарсылық білдіруге шақырады және бұл жағдайда бәрі ұтылады және (b) стратегиялық сауда саясаты өз мақсаттарында бұрмаланатын арнайы мүдделі топтар арқылы басып алынуы ықтимал.

7. ТСБК соғыстан кейінгі еркін сауда қозғалысының өнімі болды. Ол өнеркәсіптік тауарлар мен тұтыну тауарларына қатысты сауда кедергілерін төмендетуде табысты болды. ТСБК бойынша еркін саудаға өтуі экономикалық өсуді ынталандырды.

8. ТСБК келіссөздерінің Уругвай раундының аяқталуы және Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылуы ТСБК ережелерінің қызметтерге кеңейтілуі, зияткерлік меншікті қорғауды күшейту, ауылшаруашылық субсидиялауды азайту, бақылау және орындау механизмдерін күшейту арқылы әлемдік сауда жүйесін нығайтты.

9. Сауда кедергілері фирманың әртүрлі өндірістік әрекеттерін әлемнің оңтайлы жерлеріне тарату қабілеттілігіне кедергі болып табылады.

10. Бизнес үкіметтің отандық өнеркәсіптерді шетелдік бәсекелестіктен қорғау үшін күшжігеріне қарағанда, импорттан және шетелдік тікелей инвестициялардан қорғалған нарықтарды ашуға бағытталған үкімет тарапынан көп күш жұмсаудан көбірек пайда таба алады.